

Қазақстан Республикасында Құрылысы аяқталған жеке тұрғын үйлерді қора-қопсы құрылыстарымен пайдалануға қабылдау тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 шілдедегі N 1018 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 2 қарашадағы N 1278 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.11.02 N 1278 (2012.01.31 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында құрылысы аяқталған жеке тұрғын үйлерді қора-қопсы құрылыстарымен пайдалануға қабылдау тәртібі туралы қоса беріліп отырған **Ереже** бекітілсін.

2. "Қазақ ССР-інде құрылысы аяқталған жеке тұрғын үйлерді қора-қопсы құрылыстарымен пайдалануға мемлекеттік қабылдау комиссияларының қабылдау Ережелерін бекіту туралы" (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., N 18, 75-бап) Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 жылғы 20 тамыздағы қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 25 шілдедегі
N 1018 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасында құрылысын аяқталған жеке тұрғын үйлерді қора-қопсы құрылыстарымен пайдалануға қабылдау тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

1. Құрылысы аяқталған жеке тұрғын үйлерді қора-қопсы құрылыстарымен немесе оларсыз да (бұдан әрі жеке тұрғын үйлер) пайдалануға қабылдауды құрылысты іске асыру тәсілдерін байланыссыз барлық құрылыс-монтаждау жұмыстары орындалып және бөлінген жер учаскесі жөнделіп жабдықталған соң, жергілікті атқару органдары тағайындаған қабылдау комиссиялары тапсырыс берушінің (салушының) жазбаша өтініші негізінде жүргізеді .

Қабылдау комиссияларының құрамына төраға - жергілікті әкімнің орынбасары, комиссия мүшелері - саулет және қала құрылысы, мемлекеттік санитарлық және өрт қадағалау органдарының, жобаны жасаған заңды немесе жеке тұлғаның, мердігер салушының (егер объект мердігерлік әдіспен салынған болса) және тапсырыс берушінің (салушының) өкілдері кіреді. Инженерлік қамтамасыз ету деңгейіне қарай комиссияның құрамына жергілікті тиісті инженерлік қызметтердің өкілдері енгізілуі мүмкін.

2. Қабылдау комиссиясы өтініш түскен күннен бастап бір апта мерзімде тағайындалады немесе қала, немесе ауданның аумағында күнтізбелік жыл бойы тұрақты жұмыс істейтін болуы мүмкін (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін).

3. Тапсырыс беруші (салушы) қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұ с ы н а д ы :

бас жоспарымен немесе салыну сызбасымен қоса жеке тұрғын үй салынатын жер учаскесінің бөлінуі туралы;

белгіленген тәртіп бойынша әзірленген және келісілген жобалық құжаттама ны ;

жұмыстар жүргізуге мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылау органдарының р ұ қ с а т ы ;

тиісті инженерлік коммуникацияларға қосу актісі және олардың орындалатын с ы з б а л а р ы ;

белгіленген құрылыс нормалары мен ережелеріне (құрылысты мердігерлік әдіспен салғанда) сәйкес орындалатын техникалық құжаттама.

4. Қабылдау комиссиясы тағайындалғаннан кейін екі апта мерзімде жеке тұрғын үйдің қалыпты пайдалануға дайындығын, сапасы мен орындалған жұмыстардың жобалық құжаттамаға сәйкестілігін тексеруге міндетті.

5. Жеке тұрғын үйді пайдалануға қабылдау актімен ресімделеді, оны комиссия мүшелерінің барлығы қол қойғанда ғана қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және комиссия тағайындаған органның мөрімен куәландырады. Жеке тұрғын үйді қабылдау актісі төрт дана етіп жасалып, жергілікті атқару органына, техникалық инвентаризациялау және статистика органдарына, сондай-ақ тапсырыс берушіге (салушыға) беріледі.

Актіде мынадай негізгі мәліметтер міндетті түрде көрсетіледі: оған сәйкес қабылдау комиссиясы тағайындаған құжаттың атауы, күні және н о м е р і ;

тегі аты-жөні, атқаратын лауазымы көрсетілген қабылдау комиссиясы мүшелерінің тізімі және өкілдік етуші ұйымының атауы;

құрылысқа бөлінген жер учаскесі, жобалау және мердігерлік ұйымдар жұмыстарды жүргізуге рұқсат берген құжат туралы деректер;

оның конструкциялық, сондай-ақ қора-қопсы құрылыстары мен инженерлік

коммуникацияларын қоса пайдалануға берілген тұрғын үйді қабылдауда қойылған талаптарға нақты және жобалық көрсеткіштердің сәйкестігі; оның барлық мүшелерінің қолы қойылған қабылдау комиссиясының шешімі.

Актінің нысанын Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі белгілейді.

6. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтарының және республикаға тарихи отаны ретінде қайтып оралғандардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасында азаматтығы жоқ тұрақты тұрғындардың жаңадан салынған жеке тұрғын үйлерін пайдалануға қабылдау осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

7. Жеке тұрғын үйді қайта салуға, қайта жоспарлауға және жабдықтауға байланысты қайта құру жұмыстарынан кейін қабылдау, жергілікті атқару органдары белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

8. Қабылдау комиссиясының мүшелері, құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес келмейтін жеке тұрғын үйлерді пайдалануға қабылданғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

9. Қабылдау комиссиясының актісі тапсырыс берушіге (салушыға) жеке тұрғын үйге меншік құқығы туралы куәлік беруге негіз болады.